

## Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласының Әкімінің 1998 жылғы 18 наурыздағы N 212 шешімі. Алматы қаласының Әділет басқармасымен 1998 жылғы 17 сәуірде N 12 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 25 ақпандағы N 196 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 25.02.1999 N 196 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағына және 29 бабының 3 тармағына сәйкес Қоршаған ортаны қорғау қорына төлемдерді тиімді жинауды қамтамасыз ету мақсатында және Алматы қалалық мәслихатының 1 шақырылған XVI сессиясының шешімі негізінде, Алматы қаласының Әкімі шешім қабылдады:

1. Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 1998 жылға арналған төлем ставкалары бекітілсін.

2. Алматы қаласында тіркелген табиғатты пайдаланушыларға қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемді Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 20 бабының 1 тармағына және 29 бабының 1 тармағына сәйкес жүргізу міндеттелсін.

3. Қалалық экология және биоресурстар басқармасы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (әкімнің ресми органы "Вечерний Алматы" газеті), табиғатты пайдаланушыларға қоршаған ортаны ластағаны үшін 1998 жылға арналған төлем ставкаларын жеткізсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Қ.Е. Жаңбыршинге жүктелсін.

*Алматы қаласының әкімі В. Храпунов*

Алматы қаласының әкімінің  
1998 жылғы 18.03. N 212  
шешіміне N 1 қосымша

## Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 1998 жылға арналған төлем ставкалары

-----  
NN ! Көрсеткіштер !Өлшем !Төлем  
! !бірлігі !ставкалары  
-----

1. Стационарлық көздерден ластануы теңге/ш. 349,00 үшін
2. Неэтил бензинінде жұмыс істейтін теңге/т. 495,00 жылжымалы көздердің ластануы үшін
3. Бұл да, сұйық мұнай газбен жұмыс теңге/т. 444,00 істейтін  
Бұл да, дизель жағармаймен жұмыс теңге/т. 783,00 істейтін  
Бұл да, қысымды табиғи газбен жұмыс істейтін теңге/1000 т.м. 300,00
3. Ластайтын заттардың су көздерін теңге/шартты ластағаны үшін т. 168,00
4. Тұтыну және өндіріс қалдықтарын орналастыру үшін  
I сыныпты ластаушы теңге/т. 13210,00  
II сыныпты ластаушы теңге/т. 6605,00  
III сыныпты ластаушы теңге/т. 1651,00  
IV сыныпты ластаушы теңге/т. 826,00  
V сыныпты ластаушы теңге/т. 413,00
5. Жылжытқышы бензинді қаладан тыс көліктің қалаға кіргенде тг/машина 310,00
6. Бұл да, жылжытқышы бензинді жүк тг/машина 620,00 және автобус көлігі
7. Бұл да, жылжытқышы жағармай жүк тг/машина 745,00 және автобус көлігі
8. Бұл да, тракторлар тг/машина 930,00
9. Бұл да газ немесе катализаторлы автомобильдер тг/машина 125,00
10. Экологиялық аймаққа кіргенде тг/машина 100,00
11. Нормадан тыс санкцияланбаған қоршау және су ресурстарын пайдалану тг/машина 5,00
12. Қала аумағындағы жасыл көшеттерді қиратқаны үшін өтемақы /орнын толтыру/ құны:
  - құнды жеке тұрған ағаш тг/дана 20792-ге дейін
  - жеке тұрған ағаш тг/дана 14776-ға дейін
  - бұтақшалар тг/дана 775-ке дейін

- жасыл өрнектер тг/1 к/м 593-ке дейін
- жайқалған желектер тг/1 ш.м. 218-ге дейін
- гүлзарлар тг/1 ш.м. 593-ке дейін

*Экология және биоресурстар басқармасының бастығы Қ. Арынов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК